

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жеке басты куәландыратын құжаттар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 29 қаңтардағы № 74-V Заңы

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз.

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 23, 335-құжат; 1998 ж., № 23, 416-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 6, 141-құжат; 2001 ж., № 8, 53-құжат; № 15-16, 239-құжат; № 17-18, 245-құжат; № 21-22, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 32, 33-құжаттар; № 17, 155-құжат; № 23-24, 192-құжат; 2003 ж., № 18, 142-құжат; 2004 ж., № 5, 22-құжат; № 23, 139-құжат; № 24, 153, 154, 156-құжаттар; 2005 ж., № 13, 53-құжат; № 21-22, 87-құжат; № 24, 123-құжат; 2006 ж., № 2, 19-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 12, 72-құжат; 2007 ж., № 1, 2-құжат; № 5-6, 40-құжат; № 10, 69-құжат; № 13, 99-құжат; 2008 ж., № 12, 48-құжат; № 15-16, 62, 63-құжаттар; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 6-7, 32-құжат; № 15-16, 71, 73-құжаттар; № 17, 81, 83-құжаттар; № 23, 113, 115-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 127, 128, 130-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 4-құжат; № 11, 59-құжат; № 17-18, 111-құжат; № 20-21, 119-құжат; № 22, 130-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 9-құжат; № 2, 19, 28-құжаттар; № 19, 145-құжат; № 20, 158-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 26-құжат; № 4, 32-құжат; № 5, 35-құжат; № 6, 44-құжат; № 10, 77-құжат; № 14, 93-құжат):

280-бапқа ескерту мынадай редакцияда жазылсын:

« Е с к е р т у . О с ы б а п т а :

- 1) Қазақстан Республикасы азаматының паспорты;
- 2) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі;
- 3) шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхат;
- 4) азаматтығы жоқ адамның куәлігі;
- 5) Қазақстан Республикасының дипломатиялық паспорты;
- 6) Қазақстан Республикасының қызметтік паспорты;
- 7) б о с қ ы н к у ә л і г і ;
- 8) Қазақстан Республикасы теңізшісінің жеке куәлігі;
- 9) ш е т е л д і к п а с п о р т ;
- 10) қайтып оралуға арналған куәлік;
- 11) туу туралы куәлік (он алты жасқа толмаған адам үшін);

13) әскери билет жеке басты куәландыратын құжаттар болып танылады.»

2. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 5-6, 24-құжат; № 17-18, 241-құжат; № 21-22, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 33-құжат; № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 4, 25-құжат; № 5, 30-құжат; № 11, 56, 64, 68-құжаттар; № 14, 109-құжат; № 15, 122, 139-құжаттар; № 18, 142-құжат; № 21-22, 160-құжат; № 23, 171-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 55-құжат; № 15, 86-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 139, 140-құжаттар; № 24, 153-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 7-8, 19-құжат; № 9, 26-құжат; № 13, 53-құжат; № 14, 58-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 21-22, 86, 87-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 19, 20-құжаттар; № 3, 22-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 72, 77-құжаттар; № 13, 85, 86-құжаттар; № 15, 92, 95-құжаттар; № 16, 98, 102-құжаттар; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 16, 18-құжаттар; № 3, 20, 23-құжаттар; № 4, 28, 33-құжаттар; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 13, 99-құжат; № 15, 106-құжат; № 16, 131-құжат; № 17, 136, 139, 140-құжаттар; № 18, 143, 144-құжаттар; № 19, 146, 147-құжаттар; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 12, 48, 51-құжаттар; № 13-14, 54, 57, 58-құжаттар; № 15-16, 62-құжат; № 20, 88-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 7, 21-құжаттар; № 9-10, 47, 48-құжаттар; № 13-14, 62, 63-құжаттар; № 15-16, 70, 72, 73, 74, 75, 76-құжаттар; № 17, 79, 80, 82-құжаттар; № 18, 84, 86-құжаттар; № 19, 88-құжат; № 23, 97, 115, 117-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 129, 130, 133, 134-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 1, 4, 5-құжаттар; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 8, 41-құжат; № 9, 44-құжат; № 11, 58-құжат; № 13, 67-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112, 114-құжаттар; № 20-21, 119-құжат; № 22, 128, 130-құжаттар; № 24, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7, 9-құжаттар; № 2, 19, 25, 26, 28-құжаттар; № 3, 32-құжат; № 6, 50-құжат; № 8, 64-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат, № 13, 115, 116-құжаттар; № 14, 117-құжат; № 16, 128, 129-құжаттар; № 17, 136-құжат; № 19, 145-құжат; № 21, 161-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 9, 11, 13, 14, 16-құжаттар; № 3, 21, 22, 25, 26, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат; № 5, 35, 36-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 12, 84, 85-құжаттар; № 13, 91-құжат; № 14, 92, 93, 94-құжаттар; № 15, 97-құжат; № 20, 121-құжат; 2012 жылғы 29 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) мазмұнындағы «379-бап. Паспорттарды, жеке куәліктерді заңсыз алып қою немесе оларды кепілге қабылдау» деген сөздер «379-бап. Жеке тұлғалардан жеке басты куәландыратын құжаттарды заңсыз алып қою, сол сияқты оларды кепілге қабылдау» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 379-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«379-бап. Жеке тұлғалардан жеке басты куәландыратын құжаттарды заңсыз алып қою, сол сияқты оларды кепілге қабылдау

1. Жеке тұлғалардан жеке басты куәландыратын құжаттарды заңсыз алып қою, сол сияқты оларды кепілге қабылдау, - ескерту жасауға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының жеке тұлғалардан жеке басты куәландыратын құжаттарды заңсыз алып қоюы, - он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

3) 636-баптың бірінші бөлігі 1) тармақшасының қырық алтыншы абзацындағы «Қазақстан Республикасының азаматтарын тіркеу мен құжаттандыру» деген сөздер алып т а с т а л с ы н .

3. 2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 9, 65-құжат; № 19, 147-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 178-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 9-10, 50-құжат; № 17, 82-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 122, 134-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 10, 48-құжат; № 24, 146, 148-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 16, 128-құжат; 2012 ж., № 3, 26-құжат; № 4, 32-құжат; № 5, 41-құжат; № 6, 45-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; 2012 жылғы 25 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

31-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы «адамдар үшін») деген сөздерден кейін «не босқын куәлігі» деген сөздермен толықтырылсын.

4. 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 21, 93-құжат; 2009 ж., № 23, 112-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 29, 32-құжаттар; № 15, 71-құжат; № 24, 146, 149, 150-құжаттар; 2011 ж., № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 7, 54-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 115-құжат; № 15, 125-құжат; № 16, 129-құжат; № 20, 151-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 16 - құжат; № 3, 21-құжат; № 4, 30, 32-құжаттар; № 5, 36, 41-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 13 , 91-құжат; № 14, 94-құжат; № 18-19, 119-құжат; 2012 жылғы 29 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

З а ң ы) :

53-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай мазмұндағы он сегізінші және он тоғызыншы абзацтармен толықтырылсын:

«жеке басты куәландыратын құжаттарды дайындау; халықты құжаттандыратын және тіркейтін тіркеу пункттерінің жабдықтары мен ақпараттық жүйесінің жұмыс істеуін жүзеге асыру;».

5. 2010 жылғы 30 маусымдағы «Қазақстан Республикасындағы Кеден ісі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 14, 70-құжат; № 24, 145-құжат; 2011 ж., № 1, 3-құжат; № 11, 102-құжат; № 19, 145-құжат; 2012 ж., № 2, 15-құжат; № 13, 91-құжат; № 15, 97-құжат; 2012 жылғы 29 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2012 жылғы 29 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Р е с п у б л и к а с ы н ы ң З а ң ы) :

281-баптың 9-тармағы 2) тармақшасының екінші абзацындағы «жеке басын куәландыратын куәлігі» деген сөздер «Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі» деген сөздермен ауыстырылсын.

6. 2011 жылғы 26 желтоқсандағы «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 22, 174-құжат; 2012 жылғы 29 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 1-баптың 15) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«15) жеке басты куәландыратын құжат – жеке басты сәйкестендіру мақсатында оның иесінің жеке басын және құқықтық мәртебесін анықтауға мүмкіндік беретін, жеке тұлғаның дербес деректері туралы тіркелген ақпараты бар белгіленген үлгідегі м а т е р и а л д ы қ о б ь е к т .

Жеке басты куәландыратын құжаттарға «Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1-тармағында көрсетілген құ ж а т т а р ж а т а д ы ; » ;

2) 1 9 3 - б а п т а :

екінші бөліктегі «ұлттық паспортына» деген сөздер «шетелдік паспортына» деген

сөздермен

ауыстырылсын;

үшінші бөліктегі «ұлттық паспортында» деген сөздер «шетелдік паспортында» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 224-баптың 2-тармағы 1) тармақшасының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Басқа мемлекеттің аумағында тұрақты тұратын шетелдік, азаматтығы жоқ адам жеке басын куәландыратын құжаттарды ұсынумен қатар олардың мәтінінің нотариатта куәландырылған қазақ тіліндегі немесе орыс тіліндегі аудармасын беруге тиіс.»;

4) 270-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қайтыс болуды тіркеу кезінде қайтыс болған адамның жеке басын куәландыратын құжаттары, әскери билеті тіркеуші органға тапсырылуға жатады.».

7. «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» 2003 жылғы 25 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 9, 41-құжат; 2004 ж., № 23, 140, 142-құжаттар; 2006 ж., № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 178-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 9-10, 50-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; 2011 ж., № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; № 14, 117-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 3, 26-құжат; № 4, 32-құжат; № 8, 64-құжат; № 14, 95-құжат; 2012 жылғы 29 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 21-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) тұрғылықты жері туралы мәліметтер (мекенжай анықтамасы не ауылдық (селолық) округ әкімінің анықтамасы);»;

2) 23-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) тұрғылықты жері туралы мәліметтер (мекенжай анықтамасы не ауылдық (селолық) округ әкімінің анықтамасы);»;

3) 23-1-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) тұрғылықты жері туралы мәліметтер (мекенжай анықтамасы не ауылдық (селолық) округ әкімінің анықтамасы);».

8. «Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 3, 19-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 17-18, 101-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; 2012 жылғы 29 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2012 жылғы 29 желтоқсанда «

Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының (З а ң ы) :

1) 9-баптың 2, 3 және 6-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:
«2. Жеке сәйкестендіру нөмірін қамтитын интегралдық микросхема осы баптың 3-тармағының 2)-7) тармақшаларында көрсетілген жеке басты куәландыратын құжаттарға орналастырылады.

3 . М ы н а л а р :

1) туу туралы куәлік;
2) Қазақстан Республикасы азаматының паспорты;
3) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі;
4) шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхат;
5) азаматтығы жоқ адамның куәлігі;
6) Қазақстан Республикасының дипломатиялық паспорты;
7) Қазақстан Республикасының қызметтік паспорты;
8) жеке басты куәландыратын құжаттары болмаған жағдайда, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар үшін тіркеу куәлігі жеке сәйкестендіру нөмірі бар құжаттар б о л ы п т а б ы л а д ы . » ;

«6. Жеке сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру:

1) Қазақстан Республикасының азаматтары үшін:
туу туралы куәлікті;
Қазақстан Республикасы азаматының паспортын;
Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігін беру кезінде;
2) шетелдік үшін шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхат беру немесе тіркеу куәлігін беру кезінде;
3) азаматтығы жоқ адамдар үшін көші-қон полициясы органдарында тіркеу кезінде берілетін азаматтығы жоқ адамның куәлігін немесе тіркеу куәлігін беру кезінде жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Бала асырап алу жағдайларынан басқа, осы тармақта көрсетілген құжаттарды қайтадан және одан кейін беру кезінде жаңа жеке сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру жү р г і з і л м е й д і . » ;

2) 10-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Жеке сәйкестендіру нөмірі:

1) ол туралы мәліметтер өз құзыреті шегінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласында статистикалық қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен, көлемде және мерзімде ұсынылатын жеке тұлғаны хабарсыз кеткен деп тану туралы сот шешімі күшіне енгеннен кейін;

2) резидент емес Қазақстан Республикасынан кеткен кезде;

3) асырап алынған бала туралы мәліметтер, оның дербес деректері өзгерген кезде бала асырап алу туралы сот шешімі күшіне енгеннен кейін Жеке сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінен шартты түрде алып тасталады.

Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды қайтадан және одан кейін тіркеу кезінде, сондай-ақ бала асырап алу жарамсыз деп танылған жағдайда, бұрын қалыптастырылған жеке сәйкестендіру нөмірі бар құжат беріледі.».

9. «Босқындар туралы» 2009 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 23, 116-құжат; 2010 ж., № 24, 149-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат):

1) 1-баптың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) босқын куәлігі – босқынның жеке басын куәландыратын және мәртебесін растайтын құжат;» ;

2) 5-бап мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

«4-1) босқын куәлігінің үлгісін және оны қорғауға қойылатын талаптарды бекітеді;» ;

3) 6-баптың 11) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«11) жол жүру құжатының үлгісін бекітеді, босқын куәлігі мен жол жүру құжатын беруді жүзеге асырады;» .

10. «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 5, 42-құжат; № 15, 118-құжат; № 16, 129-құжат; № 17, 136-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 16-құжаттар; № 4, 30, 32-құжаттар; № 5, 41-құжат; № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 95-құжат; 2012 жылғы 29 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

134-баптың 2-тармағының 17) тармақшасы алып тасталсын.

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Президенті

*Қазақстан Республикасының
Н. Назарбаев*